1-4	Асқабақ текшелері	250 г 500 г	Балғын асқабақтардың салмағын өлшеңіз, жуыңыз және бірдей өлшемді кесектер не текшелер түрінде тураңыз. Шыны буқазанға 100 мл су құйыңыз. Асқабақты енгізілетін науаға салып, оны шыны буқазанға қойыңыз. Қақпағын жабыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
1-5	Қабығы аршылған картоп	250 г 500 г	Картоптарды жуып, аршып, бірдей өлшемде тураңыз. Шыны буқазанға 100 мл су құйыңыз. Картопты енгізілетін науаға салып, оны шыны буқазанға қойыңыз. Қақпағын жабыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.

## Микротолқынды пешті пайдалану

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Нұсқаулар
1-6	Мұздатылған көкөністер	250 г 500 г	Шыны бұқазанға 100 мл су құйыңыз. Мұздатылған көкөністі енгізілетін науаға салып, оны шыны бұқазанға қойыңыз. Қақпағын жабыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
1-7	Жеміс компоты	400 г	Балғын жемістерді (мыс., алма, шабдалы, алхоры, өрік, манго немесе ананас) аршып, жуып, бірдей өлшемдегі кесектер немесе текшелер түрінде турағаннан кейін олардың салмағын өлшеңіз. Шыны бұқазанға 100 мл су құйыңыз. Жемістерді енгізілетін науаға салып, оны шыны бұқазанға қойыңыз. Қақпағын жабыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
1-8	Ақ күріш	250 г	Ақ күрішті шыны бұқазанға салыңыз. 500 мл суық су қосыңыз. Қақпағын жабыңыз. Пісіріп болғаннан кейін 5 минутқа қоя тұрыңыз.
1-9	Бұға пісірілген сиыр еті	250 г 500 г	Тартылған еттің салмағын өлшеп, одан домалақ жасаңыз (әрқайсысы Ø25 мм). Шыны бұқазанға 100 мл су құйыңыз. Сиыр етін енгізілетін науаға салып, оны шыны бұқазанға қойыңыз. Қақпағын жабыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Нұсқаулар
1-10	Арқан балықтың қоң еттері	300 г 600 г	Балықты шайып, 1 ас қасық лимон шырынын қосыңыз. Шыны бұқазанға 100 мл су құйыңыз. Арқан балықтың қоң еттерін енгізілетін науаға салып, оны шыны бұқазанға қойыңыз. Қақпағын жабыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
1-11	Тауықтың төс еттері	300 г 600 г	Кесектерді шайып, терісінің беттерін тіліңіз. Шыны бұқазанға 100 мл су құйыңыз. Тауықтың төс еттерін енгізілетін науаға салып, оны шыны бұқазанға қойыңыз. Қақпағын жабыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.

### 2. Шығыс

Code	Food	Serving Size	Instructions
2-1	Туралған тауық еті ботқасы	650 г	Тауықтың 150 мг санын кесектерге турап, оны ыдыста жүгері крахмалымен араластырыңыз. Шыны бұқазанға 400 мл су мен тауық сорпасын құйыңыз. Тауық қоспасын және суға салынған 100 г күрішті шыны бұқазанға қойыңыз. Қақпағын жабыңыз. Пісіріп болғаннан кейін араластырып, 2-3 минутқа қоя тұрыңыз.



Code	Food	Serving Size	Instructions
2-2	Буға пісірілген ақ балық	250 г 500 г	Нәлімді суық суға шайыңыз. Үстіне 1 шай қасық тұз бен шамалы бұрыш себіңіз. 1 үлкен қасық соя тұздығын қосып, тоңазытқышқа 30 минутқа қойыңыз. Шыны бұқазанға 100 мл су құйыңыз. 4 қоң ет кесегін бір қабатпен енгізілетін науаға салып, оны шыны бұқазанға қойыңыз. Қақпағын жабыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
2-3	Буға пісірілген тұшпара	300 г	Шыны бұқазанға 100 мл су құйыңыз. Мұздатылған тұшпараны енгізілетін науаға салып, оны шыны бұқазанға қойыңыз. Қақпағын жабыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз
2-4	Жасыл жапырақты көкөніс	125 г 250 г	Шыны бұқазанға 100 мл су құйыңыз. Жасыл жапырақты көкөністі шайыңыз. Оны енгізілетін науаға салып, шыны бұқазанға қойыңыз. Қақпағын жабыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
2-5	Буға пісірілген жұмыртқа	350 г	Шыны бұқазанға 3 жұмыртқа, 250 мл су, тауық сорпасын, бір салым тұз және 10 мл май қосыңыз. Қасықпен баяу араластырыңыз. Қақпағын жабыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
2-6	Буға пісірілген асшаян	300 г	Шыны бұқазанға 100 мл су құйыңыз. Балын асшаяндарды сумен шайыңыз. Оны енгізілетін науаға салып, шыны бұқазанға қойыңыз. Қақпағын жабыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз

## Үй десертті пайдалану

Үй десертті режимінде 7 алдын ала бағдарламаланған пісіру параметрлері бар. Пісіру уақыты немесе қуат мәнін орнатудың қажеті жоқ.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Микротолқынға төзімді сауыттарды ғана пайдаланыңыз.



1. Микротолқынды пештің есігін ашу үшін тұтқаны тартыңыз.
2. Тағамды бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз да, есікті жабыңыз.
3. **Десерты (Үй десерті)** түймесін басыңыз.
4. Тағам түрін таңдау үшін < немесе > (**Азайту/Қосу**) түймесін басып, содан кейін **OK** түймесін басыңыз.
  - Қосымша ақпарат үшін **“Үй десерті бағдарламасының сипаттамасы”** тарауын **20-21** беттерден қараңыз.
5. **СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)** түймесін Үй десертті режимін бастау үшін басыңыз.
  - Микротолқынды пеште тағам таңдалған, алдын ала бағдарламаланған параметр бойынша пісіріледі.
  - Пісіру уақыты аяқталғанда, микротолқынды пеш 4 рет сигнал береді және басқару панелінің дисплейінде ағымдық уақыты көрсетіледі. Содан кейін пісіру циклінің соңын ескерту сигналы әр минут сайын 3 рет естіледі.



## Микротолқынды пешті пайдалану

### Үй десерті бағдарламасының сипаттамасы

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Нұсқаулар
1	Жаңғақ торты	1 порция	<b>Құраластар</b> 120 г ұн, 150 г сары май, 100 г қоңыр қант, 2 дн жұмыртқа, 50 г грек жаңғағы (ұсақталған), 4 г қопсытқыш ұнтақ
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Шараға сары май мен қоңыр қантты салыңыз.</li> <li>2. Жұмыртқаны қосып, жақсылап араластырыңыз.</li> <li>3. Ұнға қопсытқыш ұнтақты қосып, араластырыңыз.</li> <li>4. Грек жаңғағын қосып, жақсылап араластырыңыз.</li> <li>5. Қоспаны майланған шыны немесе пластик шараға құйыңыз.</li> <li>6. Шараны микротолқынды пешке салып, Үй десерті [1] режимін таңдаңыз.</li> <li>7. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.</li> </ol>	
2	Банан қосылған нан	1 порция (6 дана)	<b>Құраластар</b> 3 банан, 120 г құймақ қоспасы, 120 г сүт, 1 жұмыртқа, 2 ас қасық уыт шәрбаты
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бананды тураңыз.</li> <li>2. Шараға құймақ қоспасын, сүтті, жұмыртқаны және уыт сиробын құйыңыз.</li> <li>3. Бананды қосып, жақсылап араластырыңыз.</li> <li>4. Қоспаны 6 қағаз тостаққа құйыңыз.</li> <li>5. Қағаз тостақтарды микротолқынды пешке салып, Үй десерті [2] режимін таңдаңыз.</li> <li>6. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.</li> </ol>	

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Нұсқаулар
3	Көтеріліп піскен торт	1 порция	<b>Құраластар</b> 170 г ұн, 50 г сары май, 150 г қант, 3 дн жұмыртқа, 10 г қопсытқыш ұнтақ
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Шараға сары май мен қантты салыңыз.</li> <li>2. Жұмыртқаны қосып, жақсылап араластырыңыз.</li> <li>3. Ұнға қопсытқыш ұнтақты қосып, араластырыңыз.</li> <li>4. Қоспаны майланған шыны немесе пластик шараға құйыңыз.</li> <li>5. Шараны микротолқынды пешке салып, Үй десерті [3] режимін таңдаңыз.</li> <li>6. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.</li> </ol>	
4	Брауни	1 порция	<b>Құраластар</b> 90 г ұн, ½ кесе сары май (еріген), 230 г қант, 2 дн жұмыртқа, 40 г какао ұнтағы
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Шараға сары майды, шайқалған жұмыртқаны және қантты салыңыз.</li> <li>2. Ұнға какао ұнтағын қосып, араластырыңыз.</li> <li>3. Қоспаны майланған шыны немесе пластик шараға құйыңыз.</li> <li>4. Шараны микротолқынды пешке салып, Үй десерті [4] режимін таңдаңыз.</li> <li>5. Пісіріп болғаннан кейін 20-30 минут қоя тұрыңыз.</li> </ol>	

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Нұсқаулар
5	Жұмыртқа пуддингі	1 порция (3 дана)	<b>Құраластар</b> 250 г сүт, 40 г қант, 2 дн жұмыртқа.
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Екі жұмыртқаны шараға құйыңыз. Араластырғышпен жұмыртқаны шамалы көпіршітіңіз. Тым көп көпіршіктенбесі үшін араластырғыштың ұшын шараның түбінен жеткізбеңіз.</li> <li>2. Басқа шараға сүт пен қантты араластырыңыз.</li> <li>3. Сүтті көпіршітілген жұмыртқаға құйып, қоспаны араластырыңыз.</li> <li>4. Жұмыртқа қоспасын майда көзді сүзгімен сүзіңіз. Шараның түбін құралмен қырыңыз. Бетіндегі көбікті қасықпен алып тастаңыз.</li> <li>5. Қоспаны қайнатпа кремі бар тостақтарға құйыңыз.</li> <li>6. Қағаз тостақтарды микротолқынды пешке салып, Үй десерті [5] режимін таңдаңыз.</li> <li>7. Пісіріп болғаннан кейін тоңазытқышқа қойып, үстелге тартыңыз.</li> </ol>	
6	Тостақтағы шоколад торт	1 порция	<b>Құраластар</b> 30 г сары май, 60 г қант, 1 дн жұмыртқа, 40 г майлы кілегей, 25 г ұн, 15 г какао ұнтағы, 1,5 г ваниль, 50 г тәттілігі аз шоколад чипсы
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сары май, жұмыртқа мен кремді жақсылап араластырып, тостаққа құйыңыз.</li> <li>2. Ұн мен қантты қосып, араластыра беріңіз.</li> <li>3. Какао мен ванильді қосып, мұқият араластырыңыз.</li> <li>4. Шоколад чипсыды қосып араластырыңыз.</li> <li>5. Тостақты микротолқынды пешке салып, Үй десерті [6] режимін таңдаңыз.</li> <li>6. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.</li> </ol>	

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Нұсқаулар
7	Тостақтағы торт	1 порция	<b>Құраластар</b> 30 г сары май, 60 г қант, 1 дана жұмыртқа, 50 г ұн, 30 г сүт, 6 г ваниль, 3 г бадам ұнтағы, 1,5 г қопсытқыш ұнтақ
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сары май мен жұмыртқаны тостаққа салып, жақсылап араластырыңыз.</li> <li>2. Ұнды, қантты, қопсытқыш ұнтақты қосып, араластыра беріңіз.</li> <li>3. Бадам ұнтағы мен ванильді қосып, мұқият араластырыңыз.</li> <li>4. Құмыраны микротолқынды пешке салып, Үй десерті [7] режимін таңдаңыз.</li> <li>5. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.</li> </ol>	


# Микротолқынды пешті пайдалану

## Орыс дәстүрімен пісіру рецептісі пайдалану

Орыс дәстүрімен пісіру рецептісі Режимінде 53 алдын ала бағдарламаланған пісіру параметрлері бар. Пісіру уақыты немесе қуат мәнін орнатудың қажеті жоқ.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Микротолқынға төзімді сауыттарды ғана пайдаланыңыз.



1. Микротолқынды пештің есігін ашу үшін тұтқаны тартыңыз.
2. Тағамды бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз да, есікті жабыңыз.
3. **Домашние рецепты (Орыс дәстүрімен пісіру рецептісі)** түймесін басыңыз.
4. Қажетті санатты таңдау үшін < немесе > (**Азайту/Қосу**) түймесін басып, содан кейін **OK** түймесін басыңыз.
  - 1) Орыс тағамдары
  - 2) Көже
  - 3) Сусындар
  - 4) Көкөністер/Дөңді дақылдар
  - 5) Құс/Балық еті
5. Тағам түрін таңдау үшін < немесе > (**Азайту/Қосу**) түймесін басып, содан кейін **OK** түймесін басыңыз.
6. Тағам тарту мөлшерін орнату үшін < немесе > (**Азайту/Қосу**) түймесін басып, содан кейін **OK** түймесін басыңыз.
  - Қосымша ақпарат үшін "Орыс дәстүрімен пісіру рецептісі бағдарламасының сипаттамасы" тарауын 27-34 беттерден қараңыз.



7. **СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)** түймесін Орыс дәстүрімен пісіру рецептісі режимін бастау үшін басыңыз.
  - Микротолқынды пеште тағам таңдалған, алдын ала бағдарламаланған параметр бойынша пісіріледі.
  - Пісіру уақыты аяқталғанда, микротолқынды пеш 4 рет сигнал береді және басқару панелінің дисплейінде ағымдық уақыты көрсетіледі. Содан кейін пісіру циклінің соңын ескерту сигналы әр минут сайын 3 рет естіледі.

### Орыс дәстүрімен пісіру рецептісі бағдарламасының сипаттамасы

Келесі кестеде шамамен 53 алдын ала бағдарламаланған пісіру функциялары үшін тағам мөлшері және тиісті нұсқаулар берілген.

#### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Тағамды алған кезде тұшпашеш қолғабын киіңіз.

#### 1. Орыс тағамдары

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
1-1 Омлет	200-250 г	3 жұмыртқа, 45 мл қаймақ, 40 г ірімшік, укроп жапырақтары, тұз
	<b>Нұсқаулар</b> Ірімшікті ірі үккішпен үгіп, укроп жапырақтарын ұсақтап тураңыз. Шараға жұмыртқаны қаймақпен бірге көпіршітіп араластырып, дәмін келтіріп тұз қосыңыз. Жұмыртқа массасын сорпа табағына құйып, үстіне үккіштен өткізілген ірімшік пен туралған укроп жапырақтарын себіңіз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.	
1-2 Қалбырдағы бұршақ қосылған шұжық	2 дана	2 шұжық, 150 г қалбырдағы жасыл бұршақ, 20 г сары май, 1 түйір сарымсақ, 1 көк пияздың басы.
	<b>Нұсқаулар</b> Жасыл пияздар мен сарымсақты ұсақтап тураңыз. Қалбырдағы бұршақтарды, пияздарды және сарымсақты қалбырға салып араластырыңыз. Шұжықтарды пісіріп жатқанда жарылып кетпеу үшін шанышқымен бірнеше жерінен тесіңіз. Шұжықтарды, пияздары мен сарымсақтары бар бұршақтарды жалпақ табаққа салып, үстіне сары май түйірін қойыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.	

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
1-3 Көкс	3 дана	150-170 г ұн, 50 г қант, 70-75 мл қаймақ, 20 г сары май, 1 жұмыртқа, ½ шай қасық ашытқы, 100 г кептірілген кинкан немесе мандарин, күнжіт дәні
	<b>Нұсқаулар</b> Ұнды қопсытқышпен үлкен шыныға елеңіз, қаймақ, қант және жұмсарған сары майды қосыңыз, бір жұмыртқаны жарып, 1-2 минут жақсылап араластырыңыз. Егер кинкандар тым қатты болса, оларды жұмсарғанша ыстық суда жібітіңіз және кішкентай бөлшектерге кесіңіз. Қамырға кесілген кинкандарды қосып, қайтадан араластырыңыз. Қамырды үштен екіге толтырып, кішкентай қалыптарға салыңыз және сезам дәндерін себіңіз. Қалыптарды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.	
1-4 Лимон қосылған булочкалар	9-10 булочка	150 г ұн, 45 г сары май, 60 г қант, 1 жұмыртқа, 1 лимон, 2 ас қасық ұнтақ қант, 2 ас қасық су
	<b>Нұсқаулар</b> Ұнды үлкен шыныға елеңіз, сары майды қосыңыз және және қоқым пішіміне келгенше саусақтарыңызбен қоспаны ысқылаңыз. Қант, су, жұмыртқаның ақуызын, лимон қабығын және 1 шай қасық лимон шырынын қосыңыз және қамырды араластырыңыз. Кішкентай булочкаларды алхоры мөлшеріндегі етіп жасаңыз және оларды ұнтақ қантқа аунатыңыз. Тоқаштарды пергамент қағазға салыңыз да, оны микротолқынды пешке қойып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Сигнал бергенде, булочкаларды шығарыңыз. Тоқаштарға жұмыртқаның сарысын жағып, оларды микротолқынды пешке салыңыз да, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін қайтадан басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.	

## Микротолқынды пешті пайдалану

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
1-5 Мәскеу дәстүрімен балық пісіру	500-600 г	250 г ақ балықтың қоң еті (көксерке немесе нәлім), 2 суға піскен картоп, 4 қозықұйрық саңырауқұлғы, 1 ас қасық өсімдік майы, 60 г ірімшік, 100 г қою қаймақ, 1 лавр жапырағы, дәміне қарай тұз, бұрыш
	<p><b>Нұсқаулар</b> Қозықұйрықтарды мұқият жуып, кептіріп, тазалаңыз. Саңырауқұлақтарды кішкене бөліктерге бөліңіз. Балықты кішкентай порцияларға бөліп, оларды төрелкеге қойыңыз. Тұз және бұрышты себіңіз, саңырауқұлақ тілімдерін қойып, оның үстіне лавр жапырағын салып, көкөніс майын қосыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз.</p> <p><b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Пісірген кезде, ірімшікті ірі үккішпен үгіңіз. Сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Балыққа қышқыл қаймақты қосып, оның айналасына пісірілген картоп сақиналарын қойып ірімшіктен себіңіз, бұрышпен дәмдеңіз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін қайта басыңыз.</p>	
1-6 Кірпі	300-400 г	200 г тартылған сиыр еті, 80-90 г жартылай піскен күріш, 1 орташа пияз, 1 қызанақ, 1 жұмыртқа, 1 түйір сарымсақ, дәміне қарай тұз, қара бұрыш.
	<p><b>Нұсқаулар</b> Қызанақ пен пиязды шағын текшелерге бөліп турап, сарымсақты ұсақтап тураңыз.</p> <p>Дайындап қойған көкөністі тартылған еті бар шараға салыңыз да, бір жұмыртқаны шайқап қосыңыз. Тұз және бұрыш қосыңыз. Күрішті қосыңыз да, жақсылап араластырыңыз. Турама еттің өрік көлеміндей етіп домалатып, кең табаққа сала беріңіз.</p> <p>Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>	

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
1-7 Қара өрік қосылған тауық сирақтары	300-350 г	2 тауық сирағы, 1 кішкене сәбіз, ½ пияз, 80–90 г сүйексіз қара өрік, 1 шыны сорпа немесе су, 2 жасыл пияздың бастары, дәміне қарай тұз
	<p><b>Нұсқаулар</b> Пияз бен сәбізді жуып тазалаңыз, оларды жіңішке таяқшаларға кесіңіз. Оларды сорпа төрелкесіне салыңыз. Тауық сирақтарына тұзды сеуіп, оларды кесілген көкөністердің үстіне қойыңыз. Үстіне қара өріктерді қойып, сорпаға салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз.</p> <p><b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Тауық сирақтарын аударыңыз және оларды микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін қайтадан басыңыз. Пісіргеннен кейін, тамаққа туралған жасыл пияздарды себіңіз.</p>	
1-8 Қыша соусы қосылған шошқаның мойыны	500-600 г	250 г шошқаның төс еті, 1 сәбіз, 1 пияз, 1 ас қасық ұн, 2 ас қасық дәнді қыша, 100 г қою қышқыл қаймақ, 150 мл аралас сорпа, дәміне қарай тұз, қара бұрыш
	<p><b>Нұсқаулар</b> Шошқа етін жуып, құрғатыңыз да, гуляшқа арналған тәрізді шағын кесектерге бөліп тураңыз. Пияз бен сәбізді тазалаңыз, оларды қалың таяқшаларға кесіп, оларды бірге етпен шыныаяққа салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Етке соусты құйып, араластырыңыз Оларды микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін қайта басыңыз.</p> <p>Тұздық дайындаңыз: қышқыл қаймақты қыша, ұн, сорпамен бөлек араластырып алыңыз, дәміне қарай тұз бен бұрышты қосыңыз.</p>	

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
1-9 Картоп пісірмесі	2 дана	Үлкен картоптар (160-200 г) 1-2 дана.
	<p><b>Нұсқаулар</b> Аршылған картопты су қоспай тайпақ тәрелкеге салыңыз және оны пластик тамақ орауышпен жабыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Үстелге тарту алдында, сары май, қышқыл қаймақ, ірімшік немесе басқа дәмдеуішті қосыңыз.</p>	
1-10 Рататуй	300-350 г	2 кішкене сәбіз, ½ кәді, 1 болғар бұрышы, 1 орташа пияз, 1 түйір сарымсақ, 2 ас қасық қызанақ езбесі, 150 мл көкөніс сорпасы, 2 шөкім құрғақ орегано, дәміне қарай тұз
	<p><b>Нұсқаулар</b> Көкөністерді жуып, аршыңыз оларды шетінен шамамен 1 см кішкентай текшелерге тураңыз. Сорпаны қызанақ езбесімен араластырып, тұз бен үгілген сарымсақ түйірін қосыңыз. Барлық құраластарды араластырыңыз. Көкөністерді керамика немесе шыны ыдысқа салыңыз. Қызанақ соусына қойыңыз және оны қақпақпен жабыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Пісіргеннен кейін, дайын рататуйды құрғақ ореганомен дәмдеңіз.</p>	

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
1-11 Ескі орыс дәстүрімен пісірілген балық	500-600 г	200 г көксерке немесе нәлім, ½ қызылша, 1 пияз, ½ сәбіз, 100 г қаймақ, 1 ас қасық қызанақ езбесі, 1 ас қасық ұн, 180 мл су, дәміне қарай тұз бен қара бұрыш
	<p><b>Нұсқаулар</b> Пияз, сәбіз бен қызанақты жуып тазалаңыз, оларды орташа мөлшердегі таяқшаларға кесіңіз және араластырыңыз. Дайын көкөністерді шыныаяққа салып, су қосыңыз, тұз және қара бұрыш себіңіз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Балықтың сүйегін алып, кішкене порцияларға кесіңіз. Тұздықты шыныаяққа салып, көкөніспен араластырыңыз үстіне балықты салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін қайта басыңыз. Тұздық дайындаңыз: Бөлек шыныаяқта, қышқыл қаймақ, қызанақ езбесі мен ұнды араластырыңыз, кішкене тұз бен бұрыш қосыңыз.</p>	
1-12 Бұқтырылған арқан балық стейгі	200-300 г	1 арқан балық тың қоң еті, жарты лимонның шырыны, аскөк, дәміне қарай тұз және дәмдеуіштер
	<p><b>Нұсқаулар</b> Балық етіне тұз бен лимон шырынын қосып, дәмін келтіріңіз. Балықты қақпақпен жаппастан микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Піскеннен кейін үстіне аскөк себіңіз.</p>	

## Микротолқынды пешті пайдалану

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
1-13 Сарымай, жұмыртқа соусы қосылған нәлім	400-500 г	300 г нәлім балықтың еті, 2 пияз, 1 сәбіз, 2 лавр жапырағы, 1 ас қасық еріген сары май, 1 ас қасық туралған асшөп, дәміне қарай тұз бен дәмдеуіштер
	<p><b>Нұсқаулар</b> Пияз бен сәбіздің қабығын аршып, тураңыз. Лавр жапырағын салып, су құйыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Балыққа тұз бен бұрыш қосыңыз да, оны көкөністің ішіне салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін қайта басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін тұздықпен үстелге тартыңыз. Тұздық дайындаңыз: Жұмыртқаның қабығын аршып, тураңыз. Сары маймен, туралған асшөппен, 5 ас қасық балық сорпасымен араластырыңыз.</p>	
1-14 Көкөніс қосып бұға пісірілген күркетауық	400-450 г	200 г күркетауық қоң еті, ½ сәбіз, ½ кішкене кәді, ½ пияз, 250 мл сорпа, дәміне қарай бұрыш, тұз
	<p><b>Нұсқаулар</b> Көкөністерді жуып, кәдіні дөңгелек етіп турап, сәбіз бен пиязды орташа көлемде тураңыз. Көкөністерді шұңғыл шараға салып, үстіне туралған күркетауық еттерін салып, сорпаны құйыңыз. Дәміне қарай тұз, бұрыш қосыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз.</p>	

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
1-15 Қызанақ пен ірімшік қосылған алабұға	650-750 г	400 г алабұға еті, 200 г сулугуни, 2 қызанақ, 2 ас қасық зәйтүн майы, дәміне қарай ақ бұрыш, дәміне қарай сарымсақ-тұз қоспасы
	<p><b>Нұсқаулар</b> Алабұғаның қоң етін 4 бөлікке бөліңіз де, үстіне бұрыш сеуіп, сарымсақ-тұз қоспасын, зәйтүн майын қосып, 5-7 минут қоя тұрыңыз. Қызанақты 4 үлкен тостаққа тураңыз, май жағылған қалыпқа салып, балықты қосыңыз, үстінен қайтадан қызанақ салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Ірімшік қосыңыз да, микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>	
1-16 Көкөніс қосылған бақтақ	300-400 г	1 кішкене бақтақтың қоң еті, ½ сәбіз (алдын ала пісірілген), 2 райхан сабағы, 1 кішкене пияз, 1 кішкене қызанақ, ½ лимон, 1 ас қасық өсімдік майы, дәміне қарай тұз, қара бұрыш
	<p><b>Нұсқаулар</b> Сәбізді жіңішке тілімдерге және пияз бен картопты сақиналап тураңыз. Базилик жапырақтарын бөліп алыңыз. Бақтақ етін тәрелкеге салып, тұз бен бұрыш қосыңыз. Үстіне дайын көкөністі салыңыз (алдымен барлық сәбізді, содан кейін қалған құраластарды кезекпен қабаттап). Майға балықты батырыңыз және оған үгітілген лимон қабығын себіңіз. Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>	

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
1-17 Ет толтырылған болгар бұрышы	200-250 г	3 болгар бұрышы, 150 г аралас тартылған ет, 60 г жартылай піскенше қайнатылған күріш, 1 шыны су, 1½ ас қасық қызанақ езбесі, 1 ас қасық ұн, дәміне қарай тұз, бұрыш
	<p><b>Нұсқаулар</b></p> <p>Толтырма дайындау: тартылған етті шараға салып, күрішке араластырып, дәміне қарай тұз бен бұрыш қосыңыз.</p> <p>Болгар бұрышының өзектерін кесіп, дәндерін, қабыршықтарын алыңыз. Әр бұрышқа тартылған еттен салып, тиісінше нығыздаңыз. Бұрыштарды шұңғыл шараға салып, қақпағын жабыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Сигнал бергенде, оларды шығарыңыз және бұрыштың үстіне тұздықты құйыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін қайта басыңыз.</p> <p>Тұздық дайындаңыз: Ұнды қызанақ езбесіне және суға араластырып, дәміне қарай тұз, бұрыш қосыңыз.</p>	
1-18 Буға пісірілген арқан балық	300-400 г	<p><b>Құраластар</b></p> <p>200 г арқан балық, 2,5 мл лимон шырыны, 2,5 г лимон қабығы, 20 г гүлшетен, 300 мл су, дәміне қарай тұз</p>
	<p><b>Нұсқаулар</b></p> <p>Балықты жуып, үлестерге бөліп тураңыз. Сәл ғана тұздап, жаңа сығылған лимон шырынын, лимон қабығының үгіндісін себіңіз. 5-7 минут қоя тұрыңыз. Қалыпқа 0,5 см-ге жеткенше су құйып, балықты салыңыз да, үстінен гүлшетен себіңіз. Қақпағын жауып, микротолқынды пешке салыңыз.</p> <p><b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>	

## 2. Көже

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-1 Ботқа	250-300 г	40 г бидай ұлпалары, 250 мл сүт, 40 г сары май, 2 ас қасық қант, 2 қопсыма бисквит, қарақат немесе таңқурай
	<p><b>Нұсқаулар</b></p> <p>Бидай ұлпаларын шұңғыл шараға салып, қант қосыңыз. Суық сүт қосыңыз және араластырыңыз. Қақпақ жабыңыз. Микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Пісіру барысында қопсыма бисквитті үгітіңіз. Пісіріп болғаннан кейін ботқаға сары май салыңыз. Ботқаны бисквит қоқымдарын салып, жидектермен безендіріп үстелге тартыңыз.</p>	
2-2 Солянка	500-600 г	150 г қақталған ет, 1 кішкене шұжық, 1 тұздықталған кішкене көкөніс, 1 орташа пияз, 50 г зәйтүн, 1–1½ ас қасық каперс, тұздығымен бірге, 2 ас қасық қызанақ езбесі, 250–300 мл кез келген сорпа
	<p><b>Нұсқаулар</b></p> <p>Қақталған етті кішкене тілімдерге кесіп, шұжықтарды жұқа шығырық тәрізді, пияздарды жарты шығырық тәрізді кесіңіз. Сорпаны керамика немесе шыны шараға құйып, қызанақ езбесі мен туралған пияздарды қосыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Сигнал естілген кезде алыңыз да, шұжықтарды және қақталған етті салыңыз. Жіңішкелеп туралған тұздықты көкөністі, зәйтүндерді және каперстерді қосып, бәрін араластырыңыз.</p> <p>Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін қайта басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>	



## Микротолқынды пешті пайдалану

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-3 Борщ	900-1000 г	750 мл ет сорпасы, 150 г ақ орамжапырақ, ½ орташа пияз, ½ орташа қызылша, ½ орташа сәбіз, 2-3 сарымсақ түйірі, 2 шай қасық қызанақ езбесі, 2-3 ас қасық туралған жасыл пияз, 1 лавр жапырағы, дәміне қарай қара бұрыш және тұз, үстелге қышқыл қаймақ қосып тарту керек
	<p><b>Нұсқаулар</b> Орамжапырақты, сәбізді және пиязды жуып, қабығын аршыңыз. Жұқа таяқша тәрізді кесіңіз. Барлық көкөністерді үлкен шыны шараға салып, қайнап тұрған сорпаға қосыңыз. Тұз, бұрыш, лавр жапырағы және қызанақ езбесін сорпаға қосып, араластырыңыз. Қақпақ немесе тағамға арналған пластик ораммен жабыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Туралған жасыл шөптерді және сарымсақты дайын сорпаға қосып, бірнеше минут қақпағын жауып бұқтыра тұрыңыз.</p>	
2-4 Тауық етінен жасалған көже	700-800 г	1 тауық филесі, ½ сәбіз, ½ пияз, 40 г макарон, 4 ақжелкен өскіні, 500 мл тауық сорпасы, дәміне қарай тұз
	<p><b>Нұсқаулар</b> Тауық филесін жуып кептіріп, кішкене етіп тураңыз. Тауық еттерін шұңғыл шараға салып, сорпаға қосыңыз. Сорпаға макарон қосып араластырыңыз. Сәбіздің қабығын аршып, жұқа тілімдерге бөліп тураңыз. Сорпасы бар шараға салып, тұз, туралған жасыл шөптерден қосыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>	

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-5 Азу	700-800 г	200 г сиыр еті, 3 картоп, 1 тұздалған қияр, 1 пияз, 3 сарымсақ түйірі, 1 ас қасық ұн, 1 асқасық қызанақ езбесі, 200 мл сорпа, өсімдік майы, дәміне қарай тұз бен бұрыш
	<p><b>Нұсқаулар</b> Пиязды дөңгелектеп, картопты тілімдеп, ал етті кішкене кесектеп тураңыз. Оларды шараға салыңыз. Жіңішкепел туралған қиярды қосыңыз. Оларды қақпағын жауып микротолқынды пешке салыңыз да, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Пісіріп жатқан кезде ұнды, қызанақ езбесін, жаншылған сарымсақты бөлек араластырып, сорпаны қосыңыз. Сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Қоспаны қосыңыз да, бәрін микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін қайта басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>	
2-6 Көкөніс сорпасы	650-700 г	150 г мұздатылған көкөніс қоспасы, 500 мл көкөніс немесе тауық сорпасы, 1 түйір сарымсақ, ½ орташа қызылша, 2 жасыл пияздың басы, дәміне қарай тұз, қара бұрыш
	<p><b>Нұсқаулар</b> Көкөністерді шұңғыл шараға салып, туралған сарымсақты қосып, сорпаға қосыңыз. Тұз бен бұрыштан қосыңыз, жасыл дәмдеуіш шөптерді себіңіз. Қақпақ жауып пісіріңіз. Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Қара нан сухариктерімен үстелге тартыңыз.</p>	
2-7 Кәріс рамән кеспесі	1 орам	1 орам кәріс рамән кеспесі, 550 мл су (бөлме температурасында)
	<p><b>Нұсқаулар</b> Орамдағы кеспелерді алып, барлық құрамдасымен (550 мл) шарадағы суға салыңыз. Мұқият араластырыңыз. Пластик тағам орамымен жауып, оған бірнеше тесік салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз.</p>	

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-8 Тұшпара	300-400 г	220 г дайын тұшпара, 1 шыны сорпа, 1 түйір сарымсақ, 1 лавр жапырағы, 2 аскөк сабағы, 2 жасыл пияздың басы, бүтін қалампыр, дәміне қарай тұз
	<p><b>Нұсқаулар</b> Сорпаны шұңғыл шараға құйыңыз. Лавтр жапырақтарын, бірнеше қалампыр дәндерін, тұз бен туралған сарымсақты қосыңыз. Тұшпараларды салып, қақпағын жабыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Жасыл шөптерді тураңыз. Үстелге тарту алдында тұшпараға туралған жасыл шөптерді себіңіз.</p>	
2-9 Қарақұмық	250 г	100 г қарақұмық дәндері, 220 мл су, ақжелкеннің бірнеше талы, дәміне қарай тұз
	<p><b>Нұсқаулар</b> Дәндерді шұңғыл шараға салыңыз. Тұз бен судан қосыңыз. Қақпағын жауып, микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Ақжелкенді тураңыз. Пісіріп болғаннан кейін туралған шөптерді және көкөністерді қосып араластырыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>	

### 3. Сусындар

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
3-1 Лимон және жалбыз қосылған шай	1 порция	200 мл су, ½ ас қасық қара шай, лимон тілімі, бірнеше жалбыз жапырағы
	<p><b>Нұсқаулар</b> Қара шайды тостаққа құйып, жалбыз бен лимонды қосыңыз. Су құйыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Қайнағаннан кейін сүзіңіз. Дәміне қарай қант қосыңыз.</p>	
3-2 Ыстық шарап (Глентвейн)	1 порция	150 мл қызыл құрғақ шарап, 1 апельсин тілімі, 1 лимон тілімі, 1 алма тілімі, 10 г қант, 1 қалампыр таяқшасы, 5 қалампыр түйнегі
	<p><b>Нұсқаулар</b> Апельсинді, лимонды және алманы үлкен кесеге салып, дәмқабық, қалампыр және қант қосыңыз. Шарапқа салып, мұқият араластырыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Қайнатып болғаннан кейін глентвейнді алып, шарап ыдыстарына абайлап құйыңыз.</p>	
3-3 Дәмқабық және бал қосылған шай	1 порция	200 мл су, ½ ас қасық дәмқабық, 1 ас қасық бал
	<p><b>Нұсқаулар</b> Дәмқабықты суға қосыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Қайнатып болғаннан кейін орташа температурада салқындатыңыз. Бал қосыңыз.</p>	

## Микротолқынды пешті пайдалану

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
3-4 Сүт және кардамон (масала) қосылған шай	1 порция	1 шай қасық қара шай, 100 мл сүт, 100 мл су, 5 г зімбір, 4 кардамон қауашағы, 4 қалампыр дәні, 1 шай қасық қант,
	<p><b>Нұсқаулар</b> Су мен сүтті араластырыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Сигнал естілген кезде қара шайды, тілімдеп туралған зімбірді, дәмдеуіштерді және қантты қосыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін қайта басыңыз. Қайнатып болғаннан кейін кесеге сүзіңіз.</p>	
3-5 Жидек сусыны	1 порция	200 мл су, 1 ас қасық жас жидек, дәміне қарай қант
	<p><b>Нұсқаулар</b> Жидектерді үлкен кесеге салып, су құйыңыз. Дәміне қарай қант қосыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз.</p>	
3-6 Имбирь және лимон қосылған шай	1 порция	200 мл су, 1 ас қасық қара шай, 1 лимон тілімі, 5 г зімбір, дәміне қарай қант
	<p><b>Нұсқаулар</b> Қара шайды, лимон тілімін және зімбір тілімдерін үлкен кесеге салыңыз. Су құйыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Дайындап болғаннан кейін үстелге тарту алдында 5 минут қоя тұрыңыз. Кесеге сүзіңіз.</p>	
3-7 Какао	1 порция	200 мл сүт, 2 шай қасық қант, 1 шай қасық какао ұнтағы
	<p><b>Нұсқаулар</b> Сүтті үлкен кесеге құйыңыз. Какао мен қантты қосыңыз да, араластырыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз.</p>	

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
3-8 Ыстық шоколад	1 порция	100 г ащы шоколад, 250 мл сүт, 2 ас қасық су, дәміне қарай қант қосыңыз
	<p><b>Нұсқаулар</b> Шоколадты сындырып, үлкен шараға салыңыз. Сүт пен суды қосыңыз және араластырыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Дайындап болғаннан кейін үстелге тарту алдында 1 минут қоя тұрыңыз. Дәміне қарай қант қосыңыз.</p>	
3-9 Мүжжидектен жасалған морс	1 порция	Мұздатылған мүжжидек - 40 г, қант - 30 г, су - 200 мл
	<p><b>Нұсқаулар</b> Блендерді пайдаланып, мұздатылған мүжжидекті ұнтақтаңыз. Құраластардың барлығын шараға салыңыз да, араластырыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Дайындап болғаннан кейін үстелге тарту алдында 1 минут қоя тұрыңыз және сүзіңіз.</p>	
3-10 Құрғақ жеміс компоты	1 порция	500 мл су, 30 г өрік, 30 г кептірілген, жарты сарыөріктер, 30 г кептірілген алма, ½ лимон, 70 г қант, 1 дәмқабық талы
	<p><b>Нұсқаулар</b> Барлық кепкен жемістерді жуып, шұңғыл шараға салып, суын төгіңіз. Дәмқабық пен қант қосып араластырыңыз. Майда үккішпен лимон қабығын үгіп, компотқа қосыңыз. Шамалы лимон шырынын қосып, дәмін келтіруге де болады. Оларды микротолқынды пешке салып, <b>СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)</b> түймесін басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>	

#### 4. Көкөністер/Дөңді дақылдар

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Нұсқаулар
4-1	Брокколи гүлдері	250 г 500 г	Брокколи гүлдерін шайып, тазалаңыз. Оларды қақпағы бар, шыны шараға біркелкі таратып салыңыз. 30-45 мл су қосыңыз. (2-3 ас қасық) Шыныаяқты бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз. Бетін жауып пісіріңіз. Пісіріп болғаннан кейін араластырыңыз. Бұл бағдарлама брокколи, туралған кәді, баклажан, асқабақ немесе бұрыш тәрізді жемістерді пісіруге қолайлы. 1-2 минут қоя тұрыңыз.
4-2	Туралған сәбіз	250 г	Сәбіздерді жуып, тазалап бірдей етіп дөңгелектеп тураңыз. Оларды қақпағы бар, шыны ыдысқа салыңыз. 30-45 мл су қосыңыз. (2-3 ас қасық) Шыныаяқты бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз. Бетін жауып пісіріңіз. Пісіріп болғаннан кейін араластырыңыз. Бұл туралған сәбіздер мен гүлді орамжапырақты немесе қырыққабатты пісіруге қолайлы бағдарлама. 1-2 минут қоя тұрыңыз.
4-3	Жасыл бұршақ	250 г	Жасыл бұршақтарды шайып, тазалаңыз. Оларды қақпағы бар, шыны шараға біркелкі таратып салыңыз. 250 г пісіру үшін 30 мл (1 ас қасық) су қосыңыз. Шыныаяқты бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз. Бетін жауып пісіріңіз. Пісіріп болғаннан кейін араластырыңыз. 1-2 минут қоя тұрыңыз.

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Нұсқаулар
4-4	Шпинат	150 г	Шпинатты шайып, тазалаңыз. Қақпағы бар, шыны ыдысқа салыңыз. Су қоспаңыз. Шыныаяқты бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз. Бетін жауып пісіріңіз. Пісіріп болғаннан кейін араластырыңыз. 1-2 минут қоя тұрыңыз.
4-5	Өзегі алынбаған жүгері	500 г (2 дана)	Өзегі алынбаған жүгеріні шайып, тазалап, сопақ шыны ыдысқа салыңыз. Микротопқын таспасымен жауып, таспаны тесіңіз. 1-2 минут қоя тұрыңыз.
4-6	Қабығы аршылған картоп	250 г 500 г	Картоптарды жуып, аршып, бірдей етіп тураңыз. Оларды қақпағы бар, шыны ыдысқа салыңыз. 45-60 мл (3-4 ас қасық) су қосыңыз. Шыныаяқты бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз. Бетін жауып пісіріңіз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.
4-7	Қоңыр күріш (буға ұсталған)	250 г	Қақпағы бар, үлкен шыны пеш ыдысын қолданыңыз. Суық судан екі есе көп құйыңыз (500 мл). Бетін жауып пісіріңіз. Қоя тұрар алдында араластырыңыз және тұз, дәмдеуіш шөп қосыңыз. 5-10 минут қоя тұрыңыз.

## Микротолқынды пешті пайдалану

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Нұсқаулар
4-8	Еленбеген ұн макаронны	250 г	Қақпағы бар, үлкен шыны пеш ыдысын қолданыңыз. Қайнаған судан 1 литр құйып, бір шөкім тұз салып, жақсылап араластырыңыз. Бетін жаппай пісіріңіз. Араластырғаннан кейін қоя тұрыңыз, содан кейін суын әбден сорғытыңыз. 1 минут қоя тұрыңыз.
4-9	Квиноа	250 г	Қақпағы бар, үлкен шыны пеш ыдысын қолданыңыз. Суық судан екі есе көп құйыңыз (500 мл). Бетін жауып пісіріңіз. Қоя тұрар алдында араластырыңыз және тұз, дәмдеуіш шөп қосыңыз. 1-3 минут қоя тұрыңыз.
4-10	Булгур	250 г	Қақпағы бар, үлкен шыны пеш ыдысын қолданыңыз. Суық судан екі есе көп құйыңыз (500 мл). Бетін жауып пісіріңіз. Қоя тұрар алдында араластырыңыз және тұз, дәмдеуіш шөп қосыңыз. 2-5 минут қоя тұрыңыз.

### 5. Құс/Балық еті

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Нұсқаулар
5-1	Тауықтың төс еттері	300 г (2 дана)	Тағамдарды шайып, керамика табаққа салыңыз. Микротолқын таспасымен жабыңыз. Таспаны тесіңіз. Ыдысты бұрылмалы табақтың үстіне қойыңыз. 2 минут қоя тұрыңыз.

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Нұсқаулар
5-2	Күркетауықтың төс еттері	300 г (2 дана)	Тағамдарды шайып, керамика табаққа салыңыз. Микротолқын таспасымен жабыңыз. Таспаны тесіңіз. Ыдысты бұрылмалы табақтың үстіне қойыңыз. 2 минут қоя тұрыңыз.
5-3	Балықтың балғын қоң еттері	300 г (2 дана)	Балықты шайып керамика табаққа салып, 1 ас қасық лимон шырынын қосыңыз. Микротолқын таспасымен жабыңыз. Таспаны тесіңіз. Ыдысты бұрылмалы табақтың үстіне қойыңыз. 1-2 минут қоя тұрыңыз.
5-4	Жас арқан балықтың филесі	300 г (2 дана)	Балықты шайып керамика табаққа салып, 1 ас қасық лимон шырынын қосыңыз. Микротолқын таспасымен жабыңыз. Таспаны тесіңіз. Ыдысты бұрылмалы табақтың үстіне қойыңыз. 1-2 минут қоя тұрыңыз.
5-5	Жаңа креветка	250 г	Керамика табақтағы ашаянды жуып, 1 ас қасық лимон шырынын қосыңыз. Микротолқын таспасымен жабыңыз. Таспаны тесіңіз. Ыдысты бұрылмалы табақтың үстіне қойыңыз. 1-2 минут қоя тұрыңыз.
5-6	Жас бақтақ	400 г (1-2 балық)	1-2 балықтың жас етін микротолқынды пешке төзімді ыдысқа салыңыз. 1 шөкім тұз, 1 ас қасық лимон шырынын және дәмдеуіш шөптерден салыңыз. Микротолқын таспасымен жабыңыз. Таспаны тесіңіз. Ыдысты бұрылмалы табақтың үстіне қойыңыз. 2 минут қоя тұрыңыз.

## Жылы ұстау пайдалану


Жылы ұстау функциясы тағамды дастарқанға тартқанша ыстық күйде сақтайды. Тағамды үстелге тартқанша ыстық қалпы ұстау үшін осы функцияны пайдаланыңыз.

### ЕСКЕРТПЕ


Жылы ұстау функциясының уақыты – ең көбі 99 минут.



1. **Поддержание тепла (Жылы ұстау)** түймесін басыңыз.



2. Қажетті жылыту уақытын орнату үшін < немесе > (**Азайту/Қосу**) түймесін басыңыз.




3. **СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)** түймесін басыңыз.
  - Тағамды жылытуды тоқтату үшін есікті ашыңыз немесе **СТОП/ЭКО (ТОҚТАТУ/ЭКО)** түймесін басыңыз..


### АБАЙЛАҢЫЗ

- Бұл функцияны суық тағамдарды қыздыру үшін қолданбаңыз. Бұл бағдарламалар жаңа ғана пісірілген тағамды жылы ұстауға арналған.
- Жылы ұстау функциясы іске қосылғаннан кейін Жылы ұстау уақытын өзгерту мүмкін емес.
- Қақпақтармен немесе пластик таспамен жаппаңыз.
- Тағамды алған кезде тұшпапеш қолғабын киіңіз.

## Бала қауіпсіздігінің құралы пайдалану

Микротолқынды пешіңіз, бала немесе пештен хабары жоқ адам оны байқаусызда қосып қоймау үшін микротолқынды пешті "құлыптап" қоятын, арнайы бала қауіпсіздігі бағдарламасымен жабдықталған.



- Бала қауіпсіздігінің құралы функциясын іске қосу үшін **СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)** түймесін 3 секунд басып ұстап тұрыңыз.
- Басқару панелі бұғатталып, басқару панелінің дисплейінде "L".  
 көрсетіледі.
- Бала қауіпсіздігінің құралы функциясын сөндіру үшін **СТАРТ/+30сек (БАСТАУ/+30сек)** түймесін қайта 3 секунд басып ұстап тұрыңыз.

## Сигнал құралын өшіру

Сигнал беретін құралды кез келген уақытта өшіріп қоюға болады.



- Дыбыстық сигналды сөндіру үшін < және > (**Азайту/Қосу**) түймесін қатар басыңыз.
- Дыбыстық сигналды қайта қосу үшін < және > (**Азайту/Қосу**) түймесін қайта бірге басыңыз.

## Микротолқынды пешті пайдалану

### Шыны буқазанмен ас әзірлеу нұсқаулығы


Шыны буқазан бумен ас әзірлеу принципіне негізделген және Samsung микротолқынды пешінде тез әрі салауатты ас әзірлеуге арналған.

Бұл құрылғы күріш, макарон өнімдерін, көкөніс және т.б. өте қысқа уақыт ішінде тағамдық құндылығын сақтай отырып ас әзірлеуге ыңғайлы.

Микротолқынды шыны буқазан жинағы 3 элементтен тұрады:



Ыдыс



Силиконды тақта



Қақпақ

Барлық бөлшек  $-20^{\circ}\text{C}$  және  $200^{\circ}\text{C}$  аралығындағы температураға төтеп береді. Мұздатқышта сақтауға жарамды. Бөлек немесе бірге пайдалануға да болады.

### Пайдалану шарттары:

Пайдаланбаңыз:

- дымқыл сүлгімен сүртіңіз немесе шыны ыстық болған кезде, дымқыл бетке қойыңыз.
- тікелей жалынға қойыңыз

Алғашқы рет пайдаланар алдында, барлық бөлшекті сабынды сумен жақсылап жуыңыз.

Автоматты түрде ас әзірлеу туралы білу үшін "**Қалыпты бұды пайдалану**" бетіне өтіңіз.

Шыны буқазанды шығарған кезде абай болыңыз, өйткені тұтқа өте ыстық болады. Пешке арналған қолғап киіңіз.

Ас әзірлеп болған соң, шыны буқазан бумен толтырылады, бұл күйіп қалу қаупін тудырады. Бетіңізді контейнерге жақындатпаңыз және қақпағын алу кезінде пешке арналған қолғап киіңіз.

### Техникалық қызмет көрсету:

Буқазанды ыдыс жуғыш машинада жууға болады.

Қолмен жуу кезінде ыстық су мен жууға арналған сұйықтықты пайдаланыңыз. Абразивті төсемдерді пайдаланбаңыз.

Кейбір өнімдер (мысалы, қызанақ) пластиктің түсін өзгертуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және өндірістік қателік емес.

## Ыдысқа қатысты нұсқаулар

Микротолқынды пеште тағам пісіру үшін, микротолқындар ыдысқа шағылыспай немесе ыдысқа сіңбей тағамнан өте алатындай болуға тиіс.

Сондықтан да, ыдыс-аяқты дұрыс таңдау қажет. Микротолқынға төзімді деген белгісі бар ыдысты алаңсыз қолдана беруге болады.

Келесі кестеде әр түрлі ыдыс түрлері және оларды микротолқынды пеште қалай қолдануға болатындығы көрсетілген.

Ыдыс-аяқ	Микротолқынға төзімді	Түсіндірме
Алюминий фольга	✓X	Тағамның осал жерлері қатты пісіп кетпес үшін, кішкене қағаздармен жабыңыз. Фольга микротолқынды пештің қабырғасына тым жақын қойылса немесе тым көп фольга қолданылса электр жарқылы пайда болуы мүмкін.
Жұқа табақ	✓	8 минуттан артық қыздырмаңыз.
Фарфор және керамика	✓	Фарфор, керамика, безендірілген керамика мен қатты фарфор ыдыстарды, жиегі металл болмаса әдетте қолдана беруге болады.
Бір рет қолданылатын полиэфир картон ыдыстар	✓	Кейбір мұздатылған тағамдар осындай ыдыстарға оралады.
Фастфуд орамдары		
• Полистирол кеселер мен сауыттар	✓	Тағамды жылыту үшін қолдануға болады. Қатты қыздырса, полистирол еріп кетуі мүмкін.
• Қағаз қалта немесе газет	X	Өртеніп кетуі мүмкін.
• Өңдеуден өткізілген қағаз немесе ыдыстың металл жиегі	X	Электр жарқылы пайда болуы мүмкін.
Шыны ыдыс		
• Пеш-үстелде бірдей қолданылатын ыдыс	✓	Металл жиегі болмаса, қолдана беруге болады.

Ыдыс-аяқ	Микротолқынға төзімді	Түсіндірме
• Осал шыны ыдыс	✓	Тағам немесе сусындарды жылыту үшін қолдануға болады. Осал шыны ыдыс кенет қыздырған кезде сынып немесе жарылып кетуі мүмкін.
• Шыны банка	✓	Қақпағын алу керек. Тек тағамды жылытуға жарайды.
Металл		
• Ыдыстар	X	Электр жарқылы немесе өрт шығуы мүмкін.
• Тоңазытқышта тұратын тағам қалтасын қыстырғыш	X	
Қағаз		
• Табақтар, кеселер, майлықтар және ас үй қағазы	✓	Тағамды аз уақыт пісіру немесе жылыту үшін. Сонымен қатар, артық ылғалды сіңіру үшін.
• Өңделген қағаз	X	Электр жарқылы пайда болуы мүмкін.
Пластик		
• Сауыттар	✓	Қызуға төзімді термопластик болса әсіресе сай келеді. Кейбір пластиктер жоғары температурада майысып, түсі өзгеріп кетуі мүмкін. Меламин пластикін қолданбаңыз.
• Жылтыр қағаз	✓	Ылғалды ұстап тұру үшін қолдануға болады. Тағамға тигізбеу керек. Жылтыр қағазды алғанда абай болыңыз, ыстық бу шарпуы мүмкін.
• Тоңазытқыш қалталар	✓X	Қайнатуға немесе пешке төзімді болса. Ауа өткізбейтін болмауға тиіс. Қажет болса, шанышқымен тесіңіз.
Балауыз немесе май өткізбейтін қағаз	✓	Тағам шашырама үшін және ылғалды ұстап тұру мақсатында қолдануға болады.

✓ : Ұсынылады

✓X : Сақтықпен пайдаланыңыз X : Қауіпсіз емес



# Тағам пісіруге қатысты ақыл-кеңес

## Микротолқындар

Микротолқын қуаты тағамға енеді де, оның құрамындағы су, май және қантқа сіңеді. Микротолқындар тағамның құрамындағы молекулаларды жылдам қозғалтуға себеп болады. Молекулалардың жылдам қозғалысы үйкеліс тудырады да, пайда болған қызудың көмегімен тағам піседі.

## Пісіру

### Микротолқынмен пісіруге арналған ыдыс-аяқ

Ыдыстар микротолқын қуатын барынша өткізетін болуға тиіс. Тот баспайтын темір, алюминий және мыс тәрізді металдар микротолқындарды шағылыстырады, бірақ микротолқын керамика, шыны, фарфор және пластик, сонымен қатар қағаз бен ағаштан өте алады. Сондықтан, металл сауыттарда ешқашан тағам пісірмеу керек.

### Микротолқынды пеште пісіруге болатын тағам

Тағамның көптеген түрін, атап айтқанда тоңазытылған көкөніс, жеміс, макарон, күріш, дән, бұршақ, балық, ет тәрізді тағамдардың көпшілігін микротолқынды пеште дайындауға болады. Соус, горчица, сорпа, бу пуддинг, консервленген тағам және көкөніс котлеттерін микротолқынды пеште пісіруге болады. Жалпы айтқанда, кәдімгі пеште пісіретін тағамның бәрін пісіру үшін микротолқын керемет жарайды. Сарымай немесе шоколадты еріту, мысалы (ақыл-кеңес, тәсілдер берілген тарауды қараңыз).

### Пісіріліп жатқан тағамның бетін жабу

Тағамды бетін жауып пісірген өте маңызды, себебі буланған су тағамға қосылып оны пісіруге көмектеседі. Тағамның бетін әр түрлі жолмен жабуға болады, мысалы: керамика табақпен, пластик қақпақпен немесе микротолқын үшін жарамды таспамен.

### Қоя тұру уақыты

Пісіріп болғаннан кейін, температура тағам бойына біркелкі таралу үшін пеште қоя тұру керек.

## Тоңазытылған көкөністер пісіруге қатысты ақыл-кеңес

Қақпағы бар, жарамды шыны пирекс ыдысын қолданыңыз. Аз уақыт бетін жауып пісіріңіз – кестеге қараңыз. Қалаған нәтижеге жету үшін пісіруді жалғастырыңыз.

Пісіріп жатқан кезде екі рет, пісіріп болғаннан кейін бір рет араластырыңыз. Пісіріп болғаннан кейін тұз, шөп немесе сары май қосыңыз. Бетін жауып қоя тұрыңыз.

Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Қуат	Уақыт (мин.)
Шпинат	150 г	600 Вт	5-6
	<b>Нұсқаулар</b> 15 мл (1 ас қасық) суық су қосыңыз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.		
Брокколи	300 г	600 Вт	8-9
	<b>Нұсқаулар</b> 30 мл (2 ас қасық) суық су қосыңыз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.		
Бұршақ	300 г	600 Вт	7-8
	<b>Нұсқаулар</b> 15 мл (1 ас қасық) суық су қосыңыз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.		
Жасыл бұршақ	300 г	600 Вт	7½-8½
	<b>Нұсқаулар</b> 30 мл (2 ас қасық) суық су қосыңыз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.		
Аралас көкөністер (Сәбіз/Бұршақ/Жүгері)	300 г	600 Вт	7-8
	<b>Нұсқаулар</b> 15 мл (1 ас қасық) суық су қосыңыз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.		
Аралас көкөністер (Қытай дәстүрі бойынша)	300 г	600 Вт	7½-8½
	<b>Нұсқаулар</b> 15 мл (1 ас қасық) суық су қосыңыз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.		

### Жас көкөністі пісіруге қатысты ақыл-кеңес

Қақпағы бар, жарамды шыны пирекс ыдысын қолданыңыз. Егер судың мөлшері арнайы көрсетілмесе әр 250 г тағамға 30-45 мл суық су құюды (2-3 ас қасық) ұсынамыз – кестені қараңыз. Аз уақыт бетін жауып пісіріңіз – кестеге қараңыз. Қалаған нәтижеге жету үшін пісіруді жалғастырыңыз. Пісіріп жатқанда бір рет, пісіріп болғаннан кейін бір рет араластырыңыз. Пісіріп болғаннан кейін тұз, шөл немесе сары май қосыңыз. Бетін жауып 3 минут қоя тұрыңыз.

**Ақыл-кеңес:** Жас көкөністерді біркелкі етіп тураңыз. Неғұрлым кішірек етіп турасаңыз, соғұрлым тезірек піседі.

Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Қуат	Уақыт (мин.)
Брокколи	250 г	1000 Вт	4-5
	500 г		7-8
	<b>Нұсқаулар</b> Гүлдерін бірдей етіп бөліңіз. Сабақтарын ортаға қаратып салыңыз. 3 минут қоя тұрыңыз.		
	250 г	1000 Вт	6-6½
Брюссель орамжапырағы	<b>Нұсқаулар</b> 60-75 мл (4-5 ас қасық) су қосыңыз. 3 минут қоя тұрыңыз.		
	250 г	1000 Вт	4½-5
